

Жамбыл облысы аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 52-8 шешімі . Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 желтоқсанда № 4843 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2022 жылғы 5 қазандағы № 21-22 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 05.10.2022 № 21-22 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 Ветеринария туралы Заңына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабының 2-2 тармағына сәйкес, Жамбыл облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Жамбыл облысы аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидалары 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес, Жамбыл облысы мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың агроөнеркәсіпті дамыту, экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл облыстық
мәслихатының сессия төрағасы
Жамбыл облыстық
мәслихаты хатшысының
міндетін атқарушы*

З. Кадырбекова

М. Берік

Жамбыл облыстық мәслихатының
2020 жылғы "11" желтоқсандағы
№ 52-8 шешіміне 1 қосымша

Жамбыл облысы аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жамбыл облысы аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар Жамбыл облысы аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою тәртібін белгілейді.

3. Осы Қағидалар иттер мен мысықтардың барлық иелеріне, меншік түрлеріне қарамастан жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

4. Осы Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) иттер мен мысықтардың иесі – жеке меншігінде немесе меншіктің басқа түрінде иттер және мысықтарға иелік етуші жеке немесе заңды тұлға;

2) жетелеуші ит - көру қабілеттілігі бойынша мүгедектігі бар адамның белгілі маршруттар бойынша дұрыс және қауіпсіз жүруін қамтамасыз ете алатын арнайы дайындық барысында үйретілген ит;

3) иттерді және мысықтарды асырау – иттер мен мысықтардың иелерімен ветеринариялық-санитариялық нормаларды сақтай отырып, иттердің және мысықтардың толыққанды тіршілік қарекетін қамтамасыз ету үшін іске асырылатын әрекеттер;

4) қаңғыбас иттер мен мысықтар - тіркелмеген, иесін анықтау мүмкін емес, иесінен қалып қойған не болмаса қашып кеткен, иесі немесе жауапты адам тарапынан қараусыз жүрген иттер мен мысықтар;

5) қоғамдық орындар – адамдар көп жиналған немесе көп жиналуы мүмкін орындар, оның ішінде бақтар, саябақтар және одан басқа азаматтардың демалыс орындары, жаға жайлар, стадиондар;

6) иттер мен мысықтарды серуендету – иттер мен мысықтардың тұрған жайдан сырт жерде немесе арнайы қарастырылған аумақта болуы;

7) ветеринариялық ұйым – ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы құрған, ветеринариялық пункттері бар мемлекеттік ветеринариялық станция;

8) биостерилизация – жануарларды тұқымдану қабілетінен хирургиялық жолмен айыру.

2. Иттер мен мысықтарды асырау

5. Иттерді және мысықтарды асырау санитариялық-гигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) нормалар мен қағидалар талаптарын сақтау, сондай-ақ олардың биологиялық қажеттіліктеріне сәйкес және ізгілікті қарау жағдайларында жүзеге асырылады. Ит пен мысықтарды асыраған жағдайда, керексіз тұқымның пайда болуын болдырмау бойынша уақытша оқшаулау және биостерилизация жолдары ұсынылады. Иттер мен мысықтарды биостерилизациялау жануар иесінің есебінен ветеринарлық клиникаларда жүзеге асырылады.

6. Санитарлық-гигиеналық, зоогигиеналық талаптар мен осы Қағидалардың шарттарын сақтаған жағдайда, жануарларды бірнеше отбасынан тұратын тұрғын үй-жайларда, көппәтерлі үйлерде тек өзіне тиесілі тұрғын алаңында (пәтер тұрғындарының жазбаша келісімімен) ұстауға рұқсат беріледі.

7. Осы Қағидаларды сақтау үшін өкілетті органдарға жәрдемдесу мақсатында көппәтерлі тұрғын үйдің жай серіктестігі (жай серіктестік), кондоминиум нысандарына:

1) жертөле, шатырларды және басқа да қосалқы үй-жайлардың кіреберістерін тұрғын үй қорын, техникалық пайдаланудың тәртібіне сәйкес қараусыз жануарлардың кіріп кетуіне жол бермеу үшін жабық ұстау;

2) қараусыз жүрген үй жануарларын аулаумен айналысатын ұйымдарға өзінің аумағында жүрген қараусыз иттер мен мысықтар туралы хабарлау;

3) ветеринарлық қызметтердің қызметкерлеріне эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге көмек көрсету;

4) тиісті органдарға Қағида талаптарының бұзылу фактілері туралы хабарлау ұсынылады.

8. Жеке тұрғын үйлердің, жеке құрылыстардың аумақтарында иттер оқшауланған орында немесе байлауда ұсталуы тиіс. Егер аумақты ит күзететін болса, иттің аумақта бар екендігі туралы аумаққа кіреберісте иттің бейнесі салынған "Абайлаңыз қабаған ит!" деген жазбасы бар ескерту тақтайшасымен хабарланады.

9. Иттер мен мысықтарды асыраған кезде иелері төмендегі талаптарды орындауға міндетті:

1) иттер мен мысықтарды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымында тіркеуге қоюға;

2) иттер мен мысықтардың оларды асырап отырған орыннан өз еркімен шығып кетуіне жол бермеуге;

3) иттер мен мысықтардың айналасындағыларды мазалауға әкеліп соқпайтын және қауіп төндірмейтін жүрісін қамтамасыз етуге;

4) иттер мен мысықтардың тарапынан тұрғын үй-жайларда шуды болдырмауға;

5) иттер мен мысықтардың нәжісімен және өзге де тіршілік әрекет ету өнімдерімен көп пәтерлі тұрғын үйлердің ортақ пайдаланылатын орындарының (кіреберістердің, баспалдақтардың, баспалдақ алаңдарының, жертөлелердің, шатыр астыларының, үйлердің төбелерінің), балалар алаңдарының, жолдардың, жаяу соқпақтардың, шағын гүлбақтардың, демалыс аумақтарының ластануына жол бермеуге, ал ластаған жағдайда ластанған орынды жедел тазалауға;

6) иттер мен мысықтарды зоотехникалық, зоогигиеналық және ветеринариялық-санитарлық талаптарға сәйкес асырауға, қоғамдық қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

7) иттер мен мысықтарды олардың биологиялық қажеттіліктеріне сай асырауға, оларға адамгершілікпен қарауға, қараусыз қалдырмауға, оларға қажетті көлемде тамақ пен ішетін су беруге, қатал ұсталуына жол бермеуге;

8) облыстың жергілікті атқарушы органы құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымының мамандарының талабы бойынша иттер мен мысықтарды бақылау үшін, диагностикалық зерттеу және емдеуге, алдын-алу шараларын жүргізу үшін бөгетсіз беруге;

9) иттер мен мысықтарды жыл сайын екі айлық жасынан бастап облыстық жергілікті атқарушы органы құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымына клиникалық байқауға және құтырма мен басқа да инфекциялық, паразитарлық ауруларға қарсы егу үшін әкелуге;

10) жүйелі түрде, тоқсанына бір реттен кем емес иттер мен мысықтарды тері паразиттеріне және гельминттерге қарсы профилактикалық өңдеу жүргізуге;

11) иттер мен мысықтардың ауыруының барлық жағдайларында немесе ауруға күдікті болғанда дереу облыстық жергілікті атқарушы органы құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымына хабарлауға, зерттеудің қорытындылары бойынша мамандардың ұсыныстарын мүлтіксіз орындауға;

12) иттер мен мысықтардың белгісіз себептермен өліп қалған жағдайларында немесе құтыру ауруына шалдығуға ұқсас белгілері болғанда дереу облыстық жергілікті атқарушы органы құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымына хабарлауға және оларды ветеринариялық қызмет мамандарының келуіне дейін оқшаулауға;

13) иттер мен мысықтардың адамдарды сілекейлеу, тырнап алу, тістеу жағдайлары туралы, облыстық жергілікті атқарушы органы құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымына және тиісті денсаулық сақтау мекемелеріне дереу хабарлауға;

14) ит немесе мысықтан жарақат алған тұлғаға өзі туралы толық деректерді дереу беруге (фамилиясы, аты, әкесінің аты, тұрғылықты мекен жайы);

15) иттер мен мысықтарды одан әрі асырауға мүмкіндік болмаған жағдайда оны басқа тұлғаға, жануарларды қорғау ұйымына беруге немесе облыстық жергілікті атқарушы органы құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымына хабарлауға;

16) иттер мен мысықтардың өліктерін алып кетуін ұйымдастыру мақсатында облыстық жергілікті атқарушы органы құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымына дереу хабарлауға және олардың есептен шығарылуын қамтамасыз етуге

10. Келесілерге жол берілмейді:

1) Иттерді және мысықтарды көп пәтерлі тұрғын үйлердің ортақ пайдаланылатын орындарында (кіреберістерде, баспалдақтарда, баспалдақ алаңдарында, лифтілерде, жертөлелерде, шатыр астыларында, үйлердің төбелерінде), сондай-ақ осындай үйлердің жанындағы аумақтарда асырауға;

2) тұрғын үй қоры пәтерлерінде және жеке тұрғын үйлерде қандай да болмасын иттер мен мысықтардың түрлері үшін паналау мен ұстау орындарын ұйымдастыруға;

3) тіркелмеген (есепке алынбаған) және егуден өтпеген иттер мен мысықтарды ұстауға;

4) иттер мен мысықтарды олардың терісін және етін тұтыну, өңдеу және өткізу үшін пайдалану мақсатында өсіруге;

5) Жамбыл облысы аумағында иттерді төбелестіру және басқада жануарларға қатысты қатыгез іс-шаралар ұйымдастыру мен өткізуге, (жануарларға зақым келтірмейтін және күзетші иттерді өсіру үшін дұрыс тұқымдық сұрыптау жүргізуге мүмкіндік беретін, арнайы ережелермен иттердің жұмыс сапаларын тексеруді қоспағанда).

3. Иттер мен мысықтарды серуендету

11. Иттер мен мысықтардың иелері келесі талаптарды сақтауға міндетті:

1) иттерді асырау орындарынан тұмылдырықта және қысқа (1,5 метрге дейін) мойын жіппен айналасындағыларға мазасыздық, кедергілер келтірмейтіндей етіп, ертіп жүруге және серуенге шығаруға рұқсат етіледі.

Айналадағы адамдардың және жануарлардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілу шартымен иттердің үш айға дейінгі күшіктерін және анатомиялық ерекшеліктері тұмылдырық киюге келмейтін декоративтік тұқымды иттерді тұмылдырықсыз серуендетуге болады;

2) иттерді тұмылдырықсыз және мойын жіпсіз тек қоршалған аумақтарда, жаттықтыру алаңдарында және жергілікті атқарушы органдарымен, пәтер

иелерінің кооперативтерімен қаралған еркін серуен алаңдарында алып жүруге жол беріледі;

3) иттердің иелері әрдайым иттің мойнында иттің лақап аты, түрі, иесінің мекен-жайы мен телефондары көрсетілген нөмірлі жетон бекітілген қарғыбау тағуға міндетті. Иесінің қалауы бойынша нөмірлі жетонда итке қатысты басқа да мәлімет көрсетілуі мүмкін;

4) көшелерден және магистральдардың жанынан өткен кезде иттердің иелері жол-көлік оқиғаларын және иттің өлуін болдырмау үшін оларды қысқа мойын жіпке алуға міндетті;

5) серуендетіліп жүрген иттер немесе мысықтар адамды қауып алған немесе тырнап алған жағдайда тиісті дәрігерлік көмек шақыру жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті;

6) иттер мен мысықтарды тұрғын үйлердің маңында серуендету кезінде 22.00 мен 09.00. сағат аралығында тыныштықтың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті ;

7) иттермен, мысықтармен қоғамдық орындар ластанған жағдайда нәжісті және олардың өзге де тіршілік әрекет ету өнімдерін дереу алып тастауға міндетті.

12. Иттерді тұмылдырықтарда және қысқа мойын жіптерде, өздігінен шешіліп кетуін болдырмайтын, иелері ғимараттардың ішінде уақытша болған мерзімге, егер де иттер басқа тұлғаларға қауіп төнгізбейтін, қоғамдық тәртіпті бұзбайтын, қозғалысқа және өзіне зиян келмейтіндей жағдайда байлаулы қалдыруға болады. Сонымен бірге иттер адамдардың және автокөліктердің өтуіне кедергі болмауы керек.

13. Келесілерге жол берілмейді:

1) құтырма ауруына қарсы егілмеген және паразитарлық ауруларға (эхинококкоз және токсоплазмоз) тексерілмеген иттер мен мысықтарды серуендетуге;

2) иттер мен мысықтарды рұқсат етілген немесе осы мақсаттарда арнайы бөлінген орындардан басқа, балалардың аулалық алаңдарында, спорт алаңдарында, мектепке дейінгі және оқу орындарының, емделу мекемелерінің аумақтарында, саябақтарда және тұрғындар жаппай демалатын өзге де орындарда, тыйым салатын белгілер орнатылған орындарда серуендетуге;

3) иттермен және мысықтармен (көру қабілеттілігі бойынша мүгедектігі бар адамдарды жетелеуші иттерден басқа) дүкендерге, қоғамдық тамақтану ұйымдарына, медициналық, мәдени, спорттық және жалпыға білім беру мекемелеріне (арнайы ұйымдастырылған шараларға барудан немесе иттермен, мысықтармен бірге баруға арналған мамандандырылған мекемелерге (ұйымдарға) барудан басқа) баруға;

4) жетектеп жүрген кәмелет жасындағы тұлғаларсыз 12 жастан кіші тұлғаларға, иттердің үш айға дейінгі күшіктерінен және иттердің декоративтік тұқымдарынан басқа, иттерді серуендетуге;

5) алкогольдік, есірткілік масаң күйіндегі адамдарға иттерді серуендетуге;

б) халық көп жиналатын орындарда және қоғамдық шаралар өткізілетін жерлерде адамдарды құтқаруға арналған тапсырманы орындау барысындағы, қылмыспен күрес және қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, сондай-ақ көру қабілеттілігі бойынша мүгедектігі бар адамды жетелеуші иттерден басқа иттермен бірге болуға.

4. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау

14. Аулау мына мақсаттарда жүзеге асырылады:

1) адамдардың өмірі мен денсаулығына төнген қауіптің алдын алу;

2) жануарлар ауруларының және олардың салдарының алдын алу және болдырмау;

3) халықты адам мен жануарларға ортақ аурулардан сақтау;

4) қаңғыбас иттер мен мысықтардың санын реттеу.

Аулау тиісті аумақта тұрып жатқан тұлғалардың құқығы мен заңды мүдделерін сақтай отырып, адамгершілік қағидаттарын сақтай отырып ұйымдастырлады және жүргізіледі.

15. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау, аулау кестесіне сәйкес, сонымен қатар қараусыз қалған иттер мен мысықтар көптеп жиналған жағдайда тиісті аумақтағы атқарушы органдардың өтінімі, азаматтардың, меншіктің барлық түріндегі ұйымдардың өтініштері бойынша облыстың жергілікті атқарушы органы құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымының қызметкерлері жүзеге асырады.

16. Облыстық жергілікті атқарушы органы құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымы қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулайтын қызметкерлерді жекелеген қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етеді, оларға түсіндіру жұмысын жүргізеді, азаматтардың талаптары бойынша көрсететін қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау құқығының куәлігін береді.

17. Облыстық жергілікті атқарушы органы құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйым жануарларды аулау, оларды ұйықтату және тасымалдау бойынша қызметтерді жүзеге асыруға арналған жабдықтармен және құралдармен (іلمекті аулау құралдары және/немесе фармакологиялық дәрі-дәрмек салынған пневматикалық винтовкалармен) жасақталады.

18. Аулауға, иесі кәсіпорындар мен мекеменің жанында байлауда қалдырып кеткендерден басқа, қоғамдық орындарда иесіз жүрген, сондай-ақ адамның

карауынсыз қалған немесе жартылай еркін топ болып құрылған, адамның қадағалауынсыз көбеюге қабілетті иттер мен мысықтар жатады.

19. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау жұмысына медициналық тексеруден өткен, құтыруға қарсы алдын алу екпелерін алған, психоневрология және наркология диспансерлерінің есебінде тұрмайтын тұлғалар жіберіледі.

20. Аулауды жүргізу кезінде облыстың жергілікті атқарушы органы құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымының қызметкерлеріне жол берілмейді:

1) ауланған иттер мен мысықтарды иеленуге және оларды басқа тұлғаларға беруге;

2) жануарларды қимылсыз қалдыру үшін фармакологиялық дәрі-дәрмекпен оқталған пневматикалық қаруды 10 метрден аспайтын қашықтықта қолдануға;

3) қаңғырған иттер мен мысықтардың қылығы адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндірген жағдайдан басқа кезде кәмелет жасқа толмаған балалардың көзінше аулауға;

4) адамдарға бағыттап атуға;

5) қаңғыбас иттер мен мысықтарды тәуліктің түнгі мезгілінде аулауға;

21. Ауланған қаңғыбас иттер мен мысықтар олардың кімге тиесілі екендігі анықталғанша уақытша ұстауға арналған мамандандырылған мекемеге жеткізіледі.

22. Қаңғырған иттер мен мысықтар адамдар мен жануарлардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндірген жағдайда (агрессиялық мінез-құлық және/немесе құтыру ауруы күдігі болғанда) оларды кідірмей жояды.

23. Жануарларды тасымалдаған кезде олардың тамаққа және суға қажеттіліктері қанағаттандырылады, оған қоса олардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

24. Жануарларды тасымалдауға арналған көлік құралы арнайы құрал-жабдықтармен жабдықталады, оған қоса жануарларды арту мен түсіру кезінде жануарлардың жарақаттануын немесе өлуін болдырмайтын қондырғылар пайдаланылады.

25. Бір-бірімен табиғи байланыстағы немесе бір-біріне бейтарап болып табылатын түрлерден басқа әртүрлі түрдегі жануарларды тасымалдау жеке-жеке жүргізіледі.

26. Өлген және әрі қарай тасымалдауға жарамсыз жануарлар кідіріссіз тірі жануарлардан бөлектендіріледі.

27. Уақытша ұстауға арналған мамандандырылған мекемеде клиникалық тексеру, тіркеу жүргізіледі, арнайы журналдарға келесі мазмұндағы мәліметтер енгізіледі: жануардың түрі, жынысы, түсі, ерекше белгілері, айырмашылық белгілерінің болуы.

28. Ауланған қаңғыбас иттер мен мысықтар арнайы жабдықталған торларға орналастырылады.

29. Ауланған иттер мен мысықтарға қажетінше күтім жасау және оларды тамақтандыру жүзеге асырылады.

30. Адамгершілік қағидаттарының сақталуымен бірге қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою тиісті аумақтарда тұратын тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтай отырып, ұйымдастырылады және өткізіледі.

31. Иттер мен мысықтардың өлекселерін жою жануарлардың өлекселерін көмуге арналған арнайы бөлінген жер учаскелерінде (мал қорымдары және/немесе биотермиялық шұңқыр) немесе жануарлар өлекселері мен биологиялық материаларды өртеуге арналған көшпелі немесе стационарлық қондырғыларда (инсинераторларда) жүзеге асырылады.

32. Иттер мен мысықтардың өлекселерін (қалдықтарын) елді мекендердің аумағына тастауға және оларды мал қорымдарынан тыс жерлерге рұқсатсыз көмуге рұқсат етілмейді.

5. Қорытынды ереже

33. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою бойынша іс-шараларды қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

34. Осы Қағиданы бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

Жамбыл облыстық мәслихатының
2020 жылғы "11" желтоқсандағы
№ 52-8 шешіміне 2 қосымша

Жамбыл облысы мәслихатының күші жойылған шешімдерінің тізбесі

1) "Жамбыл облысы Талас ауданы аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 43-15 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2915 болып тіркелген, 2016 жылы 30 қаңтарда "Ақжол" газетінде жарияланған);

2) "Жамбыл облысы Талас ауданы аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 43-15 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 38-12 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4342 болып тіркелген, 2019 жылы 3 қазанда электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

3) "Қордай ауданында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 43-16 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2887 болып тіркелген, 2016 жылы 11 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

4) "Меркі ауданында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2016 жылғы 24 ақпандағы № 46-11 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3006 болып тіркелген, 2016 жылы 13 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

5) "Тараз қаласында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2016 жылғы 7 қазандағы № 5-10 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3216 болып тіркелген, 2016 жылы 28 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

6) "Т.Рысқұлов ауданында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2016 жылғы 7 қазандағы № 5-11 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3215 болып тіркелген, 2016 жылы 2 желтоқсанда электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

7) "Жамбыл ауданы аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2016 жылғы 21 қарашадағы № 6-5 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3265 болып тіркелген, 2017 жылы 7 қаңтарда электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

8) "Жамбыл ауданы аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 6-5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2019

жылғы 30 сәуірдегі № 34-5 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4219 болып тіркелген, 2019 жылы 22 мамырда электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

9) "Шу ауданында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 7-11 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3284 болып тіркелген, 2017 жылы 30 қаңтарда электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

10) "Сарысу ауданында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2017 жылғы 3 сәуірдегі № 10-13 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3430 болып тіркелген, 2017 жылы 22 мамырда электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

11) "Жуалы ауданында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2017 жылғы 6 қазандағы № 15-7 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3563 болып тіркелген, 2017 жылы 7 қарашада электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

12) "Мойынқұам ауданында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2018 жылғы 25 қаңтардағы 20-8 шешімі. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3704 болып тіркелген, 2018 жылы 26 ақпанда электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

13) "Мойынқұм ауданында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2018 жылғы 25 қаңтардағы № 20-8 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 41-14 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 4447 болып тіркелген, 2019 жылы 19 желтоқсанда электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

14) "Байзақ ауданында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2019 жылғы 21 маусымдағы № 36-7 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4300 болып тіркелген, 2019 жылы 19 тамызда электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).